



# ПРИОЗЕРСКИЙ Вестник

№ 07/703

19 февраля 2021 года

Новости Акорды

## ЗАКОН О МИРНЫХ СОБРАНИЯХ ПРОКОММЕНТИРОВАЛ ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНА К.ТОКАЕВ

Пресс-секретарь Главы государства Берик Уали опубликовал в Facebook комментарий Касым-Жомарта Токаева касательно закона о мирных собраниях, сообщает Kazpravda.kz.

"С прошлого года в Казахстане действует принципиально новый закон о мирных собраниях, который установил уведомительный характер проведения митингов вместо разрешительного порядка, действовавшего ранее. Кроме того, для участников мирных собраний, включая акции протеста, выделены места в центральных частях крупных городов. Это очень серьезный шаг в сторону демократизации нашего общества. И эту политику мы должны разъяснять не только в нашем обществе, но и за рубежом. Желающие митинговать обязаны придерживаться нового закона. Никто не отнимает у граждан их право на волеизъявление, выражение своего критического мнения в отношении властей. Это их конститу-



ционное право и оно должно воплощаться в жизнь в строгом соответствии с законом", - сказал Касым-Жомарт Токаев на прошедшем накануне совещании с руководящим составом Генеральной прокуратуры.

Стоит отметить, что закон о мирных собраниях является одним из первых законопроектов, разработанных в рамках инициатив Президента РК Касым-Жомарта Токаева.

До этого, закон, регулирующий вопросы организации и проведения мирных собраний, был принят больше 25 лет назад. Речь идет не просто об изменениях в действующий закон, а о концептуально новом законе, который регламентирует вопросы организации и проведения всех форм мирных собраний. Актуальность и своевременность разработки данного закона была отмечена отечественными и международными экспертами.

Источник: www.kazpravda.kz

### Спортшылар Қазақстан!



Бірінші байлық – денсаулық дейміз. Бірақ осы сөздің салмағын, жүктер жауапкершілігін көбіне сезбейтін де, мойындамайтын да сыңайлымыз. Айтылған сәтте көңілімізге қонады, құлағымызға жазады. Келсеміз. Сонсоң өзіміз ауа жайылып жүре береміз. Сойтіп күндердің күнінде бір арылмас дертке шалдығып санымызды соғамыз. «Жалған – ай!», деп көкірегіміз қарс айырылып, өмірден түңіле бастаймыз. Денсаулық – тән, рухани және әлеуметтік игіліктің жиынтығы. Денені үнемі шырықтыру, шынықтыру, сананың сапа деңгейін көтеру, интеллект өрісін биіктету, рухыңды шыңдау – бәрі де денсаулыққа қызмет етеді десек қателеспейміз. Қазіргі уақыттағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, тіршілік деңгейінің құлдырауы және экологиялық қолайсыздық Қазақстан Республикасының бүкіл халқының, әсіресе, өскелең ұрпақтың денсаулығына кері әсерін тигізуде. «Дені сау адам – табиғаттың ең қымбат жемісі» деп тегін айтылмаған.

Қазіргі қоғамымызда халықтың табиғи өсімі төмендеп, сырқаттанушылық және өлім-жітім деңгейі арта түсті. Әсіресе, балалар мен жастардың денсаулығы қауіп тудыруда. Темекі тарту, ішімдік пайдалану, есірткі құмарлық және улы заттарға әуестік, адамгершілікке жат мінез-құлық, ерте жыныстық

## САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ БАСТЫ ҚАҒИДАЛАРЫ

қатынас кеңінен етек алуда. Дүние-жүзілік денсаулық сақтау ұйымы сарапшыларының дерегі бойынша халық денсаулығының 49-50 % өмір салтына, яғни адамның өз денсаулығына қалай қарайтынына тәуелді, 17-20 % қоршаған орта ерекшеліктеріне байланысты. Сонымен қатар денсаулық қатерінің негізгі факторларына мыналар да енеді: қозғалыс күйінің кему салдарынан қимылдың кемуі (гиподинамия) дене массасының артуы, жүйесіз тамақтану, қоршаған орта нысандарының барлығының көптеген уытты заттармен ластануы, өндірісте және тұрмыста күйзеліс туғызатын жағдайлар, зиянды әдет-тердік – шылтым шегу, алкоголь пайдалану, нашақорлық көп таралуы. Қорыта келгенде, академик Н.М.Амосов айтқан-дай: «Денсаулығың мықты болуы үшін мәнді өз күйің болу қажет, оны еш нәрсенен ауыстыруға болмайды». Осы мәселеге қатысты Приозерск қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Нұртай Станқұловтан сұқ-бат беруін өтінген едік. Аталған сұқбат-ты оқырмандар назарына ұсынамыз.

**Тілші:** Салауатты өмір салты дегенде, нені түсінеміз?

**Н.Станқұлов:** Салауатты өмір салты (СӨС) – бұл аурудың алдын алу және денсаулықты нығайту мақсатындағы адамның өмір салты. СӨС – дұрыс тамақтану, дене шынықтыру, адамгершілік көзқарас пен жаман әдеттерден бас тарту арқылы денсаулықты жақсартуға және қолдауға бағытталған адам өмірінің тұжырымдамасы. Салауатты өмір салтының өзектілігі денсаулық жағдайында теріс өзгерістер тудыратын адам ағзасына түсетін жүктемелердің жоғарылауымен және өзгеруімен байланысты.

**Тілші:** Осы аталған мәселеге бүгінгі таңда жұртшылықтың көзқарасы қандай?

**Н.Станқұлов:** Салауатты өмір салтына қатысты басқа да көзқарастар бар: «салауатты өмір салты дегеніміз – адамды моральдық, діни және ұлттық дәстүрлер негізінде адамгершілік, діни және ұлттық дәстүрлер негізінде ақылға қонымды адам мінез-құлқының жүйесі (барлық жағдайда

модерация, оңтайлы қозғалтқыш режимі, қатаю, ұтымды өмір салты) нақты ортадағы рухани және әлеуметтік әл-ауқат. Оңтайлы жұмыс және жеткілікті демалу денсаулыққа да әсер етеді. Белсенді белсенділік физикалық қана емес, сонымен қатар ақыл-ой жүйке жүйесіне де жақсы әсер етеді, жүректі, қан тамырларын және тұтастай алғанда денені нығайтады. Біздің денсаулығымыз жақсы ұйқыға да байланысты. Жүйке жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі үшін жеткілікті ұйқы қажет. Ұйқының тұрақты болмауы өнімділігінің төмендеуіне және қатты шаршауға әкеледі. Дене белсенділігі – денсаулықты нығайтудың маңызды құралдарының бірі. Күнделікті 20 минуттық гимнастиканың да пайдасы зор. Гимнастика, жеңіл атлетика, ашық ойындар жүрек-қан тамыр жүйесіне, өкпеге, тірек-қимыл жүйесін нығайтуға өте пайдалы. Жүгіру жүйке және эндокриндік жүйелерге оң әсер етеді.

**Тілші:** Бұл айтқан кеңестеріңіз жастарға ғана қатысты ма?

**Н.Станқұлов:** Жок, әрине! Салауатты өмір салты жайлы сөз болғанда қарт адамдар туралы да ұмытпаңыз. Тіпті егде жастағы адамға оның жасына сай оңтайлы физикалық белсенділік қажет. Бұл жаста дене белсенділігі дозаланған және жасына сәйкес болуы керек екенін есте ұстаған жөн. Салауатты өмір салты жасына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, қоғамның тұрақты әлеуметтік шоғырлануына және біртұтас болашақ ұлтының қалыптасуына ықпал ететін перспективалық алаңдардың бірі болып табылады. Қазіргі әлемде салауатты өмір салты экономикалық дамумен қатар азаматтардың өмір сүру сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып саналады және әлеуметтік жұмыспен қамтудың маңызды аспектісі болып табылады.

**Тілші:** Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша қаламызда атқарылып жатқан шараларға тоқтала кетсеңіз.

**Н.Станқұлов:** Артта қалған 2020-жылы пандемияға қарамастан Приозерск қаласында жоспарланған 58 спорттық жарыстан 18-і онлайн арқылы ұйымдастырылды. Қатысқандар саны 758 адам. Атап айтқанда спорттың тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы, кір тасын көтеру, кермеде тартылу, допты жонглерлік ету, жеңіл атлетика секілді спорт түрлерінен жарыстар өтті. Өткен жылы Приозерск қаласының 156 спортшылары 14 облыстық және Республикалық сайыстарға қатысты. Қазіргі таңда Приозерск қаласында келесі спорттық секциялар жұмыс істеуде: «Достық» балалар мен жасөспірімдер орталығында футбол, волейбол, үстел теннис, тоғызқұмалақ, шахмат, бокс, казакша күрес және суда жүзу. Фитнес



орталығында пауэрлифтинг және фитнес-тен секциялар бар. Аталған секцияларда балаларға және мүмкіндігі шектеулі жаңдарға тегін қызмет көрсетіледі.

**Тілші:** Мазмұнды әңгімеңіз үшін рахмет! Халқымыздың денсаулығы зор, өмірі ұзақ болғай, істеріңізге табыс пен жетістік тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.  
Суретте: Н.Станқұлов





## ТАБИҒАТТЫ ТАМСАНА ЖЫЛАҒАН АҚЫН



Шын дарын өз заманының шындығын шығарма арқауына айналдырып, халық көңіліне ұяласа, ол мәңгі өмір сүреді. Халық сеніміне ие болу, қас-қабағын бағып, көңілі қалағанын жырға түсіру, сыр ғып шерту келешектің жарқын сәулесімен нұрландыра түсуі сирек кездесетін бақыт. Оны Мұқағали ақынның поэзиясынан танып, көруге болады. Мұқағали өлеңдері – ұлттық поэзияның жаңа бір белеске көтерілгендігін, жаппай евроцентристік ағымға ойысқан заманда қазақтың қара өлеңінің шынайы қасиеттерінің қадірі артып, бұрынғыдан да толысып, кемелдене түскендігінің куәсі. Ол қазақ өлеңінің ұлттық бояуы мен рухын ұстанды, оны түрлендіре байытты, сөйтіп қалың қазақ оқырмандарының жүрегіне жол ашты. Сонымен қатар ақын қазақ лирикасын ХХ ғасыр әдебиетінің озық үлгілерімен құнарландырды. Мұқағали сыршыл ыстық лирикасымен өз оқушыларының жүрегіне жол тапты, оларды жақсы жырдың ләззатына қандырып, өзінің менімен адамзатқа ортақ ақиқатты жырлап, қалың оқырманның жан жүрегіне баурады.

Ақынның шын мәнінде шеберлігі – ол қолданған әрбір амал - адам бейнесін ашуға қызмет еткен. Ақын поэзиясында табиғат көріністерін, пейзажды әшейін бір уақыт кеңістіктің дерегі ретінде даралап қарамайды, онда адам бейнесін толықтыра түсетін тәсілдер мол. Әрі көркемдік-философиялық иірімдер мен сарындар, түйіндер

мен мазмұндар арқылы өте жарқырап көрінеді. Ақын адам мен жаратылыстың үндестігін жырлайды. Ол жаратылыстың көп құбылысынан адам болмысына тән сипаттарды аңғарады. Содан да болар ақын табиғаттың әр бөлшегімен, көрінісімен ашық сырласады, мұнына ортақтасады. Ақын атаулы табиғат пен жаратылыстың құбылысына жақын болады. Ақын өлеңдерінде бірде қуаныш пен қайғы болса, бірде көз жасы, наз бен мұң жүреді. Осы бір алма-кезек ауысқан көңіліне жұбаныш, жанына тыныш беру үшін ақын көңілі басқаны аңсайды. Ол халқымыздың табиғатына тән кендікті, кеңістікті іздейді, сахараны көргісі келеді. Табиғаттан пана іздейді.

Адам мен табиғат. Ақын бұлардың тұтастығын сұңғыла философияға тән түйсікпен ұғынған. Белгілі суреттерден белгісіз сырларды аңғарды. Ақынның «Тау өзені» деген өлеңінде бала шопаннан таяқ жеген серке ата шопанның соңынан маңырайды. Ол бекер маңырап тұрған жоқ, адам мен табиғаттың арасы алшақтанып, оның соңы дүлей құбылыстарға ұрындыратынын сезді. Сол үшін де шығар, ақын қайыңнан «өмір сүрейік алмасып» деп өтінеді. Сол қайыңнан адамдар тіршілігін көргісі келеді. Ол адамдар арасындағы қарым - қатынасты суреттесе де, табиғат көріністеріне үңілсе де, өткен тарих жолына көз салса да, адамның таусылмайтын арманын, өлмейтін махаббаты, үзілмейтін сағыныш сезімін, біріне - бірі жалғасып жатқан тіршілік сабағын жазды. Адамның әлдебір күйініш-сүйініш немесе кескін - кейпін, қимыл - әрекетін суреттеу, оның өз сөзін немесе өзгемен сөйлесуін келтіру, ең арғы жағы, түрліше табиғат құбылыстарын суреттеу – осылардың бәрі, әдебиеттегі адамның сыртқы түрін анықтап, ішкі сырын ашу үшін керек. Кезінде Абай «Сөз өнері дертпен тен» екендігін ескертіп кеткен. Мұқағали Мақатаев – туған жерінің суретін бейнелеуде өзіндік өнер таныта, өзгеше поэтикалық әлем аша жырлайды. Табиғат аясында туып - өскен әрбір ақынның сол тақырыпқа қалам тартпауы мүмкін емес. Туған жерді, оның әдемі табиғатын жырлау – барлық ақынның перзенттік парызы. Қазақ даласының табиғатын Мұқағали пәк, таза күйінде көргісі келеді. Адам мен табиғатты ол тұтастықта таниды.

Табиғат та адам сияқты кейде көңілді, кейде мұңды. Соған лайық ақын да оны әр күйде суреттейді. Бірде ол дала бетін жапқан жібектей жасыл шөптер мен асқар тау, балдан тәтті сулар көрсе, кейде сол даладағы бабасы өскен Кеңбұлақты ғасырлардан оралған көштерге теңейді. Кейде сарғайған сары белін сәулелі лағылға теңесе, енді бірде сол даланың соққан самалынан таңдайына қымыздың дәмі келген.

Кейіпкерлерді өз қиялындағы таза табиғат құшағына, ата кәсіп басына жетектеген – жеңіл-жеңсік, әуесқой желік емес, ішкі жан драмасын ашуға құрылған. Шынайы торығыс, жанға жақын, көңілге қонымды суреттерді еске алудан туған шын серпіліс, тебіреніс көкірегіңдегі өзгеше бір шапағатты сәулені оятардай әсер береді. Ақын туған жер табиғатын шабыттана, құштарлықпен өлеңге енгізеді. Жас ұрпақты туған өлкесін сүйуге үндейді. Адам назарын аударатын және адам тіршілігімен тығыз байланысты табиғаттың тылсым құпия сыры көп. Адамзат жаралғалы, тіпті одан да бұрын жаратылған заңғар, биік таулар мен шалқыған айдынды көлдер, ширатылған заңғар өзендер қай заманда да ақын қиялын тербетіп, назарынан тыс қалмаған. М.Мақатаевтың туған жерге байланысты өлеңдері бір шоғыр. Олар: «Апырай, туған жер - ай», «Дөңгелек жер», «Рахмет, дала», «Қазақ жері», «Жетісу», «Туған жерге», «Туған жер сағындырды», «Саржайлау», «Туған елге» т. б. Себебі, қай ақынды алмаңыз, ең алдымен өзі өскен жерінің табиғатын жырлап өткен. Мұқағали да сол дәстүрді жалғастырушы.

Ақын таудың тура табиғи кейпін жырлаудан гөрі тауды фон етіп алып өзінің дүниесін, көңіл-күйі әлемінің тебіренісін осы фонға ұштастырып жібереді. Тауды жырлай отырып, түйдек - түйдек ой айтады, философиялық топшылаулар жасап, адам психологиясына жарасымдылық ұғымының эстетикалық мәнін сіңіріп жібереді. Тау табиғатының тылсым сырының ақын қиялын тербетіп, сезіміне ыстық шок тастап, бойына қуат дарытып отыруы да сондықтан.

Мұқағалидың табиғат лирикасын ақын лирикасындағы туған жер келбеті, өлең өрнектеріндегі табиғат перзенттері, жырға

айналған жыл мезгілдері деп топтауға болады. М.Мақатаевтың қуаныш сезіміне бөленген көңіл күйін «Біздің көктем» өлеңінен де көруге болады. Көктем мезгілі жер - дүниенің жасарып, тіршілік атаулының басталар тұсы және табиғат ананың босанып, айнала әртүрлі гүлдерге көміліп, жасыл желекке бөлінер сәті болғандықтан ақын көктемді өмірдің, жаңа тіршіліктің басы ретінде жырлайды. Лирикалық кейіпкердің көңіл - күйін, жан - толқынысын, сезімін бейнелеу, суреттеу арқылы маусымның қайталанбас сәттерін бейнелеп береді. Күзді бейнелеудегі ақынның әдісі өзгеше. Мақатаев атты дарын, алып ақындық талантымен қаншама жылдар өтсе де, өлмес өлеңдерімен өрлей бермек. Оның өшпес өрнекті ұзақ өмір сүріп, жастардың жүрегіне жарқырап жетіп, жалын құйып, өзінің жылуы мен жарығын дарытуда. Әрбір оқыған, іздеген сайын ақынның жаңа сырлары аңғарылып, тың толқындары тулап, сырлы саздарын төгуде.

Тарихтағы үлт ұлы ақыны ғана шығатын шұғылалы биікке көтерілген әрбір ірі ақындар сияқты Мұқағали да қазақ поэзиясын жаңа кеңістікке көтеріп қондырды да, өзі соның мәңгілік тұрғыны болып қалды. Ол әрбір мезгілмен бір көктеп көгеріп, әр ұрпақпен бірге жасайтын ақындардың таңдаулы тобына жатса керек.

Сонымен, түйіндеп айтқанда, Мұқағали Мақатаев шығармашылығынан қазақтың нағыз ұлттық поэзиясын көреміз. М.Мақатаев жырларындағы қазақтың жері мен суы, тауы мен даласы көрініс тапқандығы өз алдына, өзгеше пайымдау ерекшелігі, өзіндік өрнек салар тілі, шалқыған шабыты сөзге шебер халықтың ұрпағы екенін аңғартады. Ақын өлеңдерінің өзегінен ақиқат өмір шындығын көреміз, көркемдік өрнегі өзгеше өрілген сөз өнерінің үлгісін танимыз. Ол халықтың сипаттағы көркем бейнесін, сол арқылы адам болмысын, оның жан дүниесін, сезімін, яғни, адам өмірінің асыл шындығын ерекше тебіреніспен толғайды. Ақын әрбір кейіпкерін өзінің сезім елегінен өткізіп, сол күйде өзі тұрғандай етіп шебер бейнелейді. Сондықтан да оның қаһармандары шынайы, оқырманды бірден баурап алады. Сол себепті де Мұқағали мұрасы сөз өнерінің дара мұнарасы ретінде болашаққа апарар құнды қазына болып қала береді.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
ақын.

...Өз тіліңді құрметте!

## ТІЛ - МЕМЛЕКЕТТІҢ ТҰҒЫРЛЫ ТІРЕГІ

Тіл – мемлекеттің табан тірейдің тұғырлы темірқазығы. Тіл – ұлттың тірегі. Тіл – өз халқымыздың рухани байлығы, өткені мен болашағы. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Ұлт болғың келсе, бесіңді түзе» деуі тегін айта салған сөз емес. Ол біздің тіл биіктігімізді, ұлттық бейнемізді сақтап қана қоймай, оны дамыта беруге арнаған көрегендік сөзі деп түсінгеніміз жөн.



Тіл – тәуелсіздігіміздің қуатты құралы, асыл ой мен парасат белгісі, елдігіміз бен бірлігіміздің туы Мемлекеттің тілге деген құрмет пен ықылас ұлттық сананың биігіне көтеріліп, жалпыхалықтық мүдде кеңістігіне шығу қажет. Тіл Отан көлемінде қуатты қатынас құралы бола тұрып, халықаралық байланыста да өзінің мемлекеттік мәртебесін сақтау үшін жас ұрпақтың жеке тұлғалық қасиеті мен патриоттық сезімін ұштастыра тәрбиелеу – біздің ұстаздық парызымыз. Сонда ғана қазақ тілі қоғам өмірінің бар саласында шынайы сұранысқа ие болады.

Туған тіліміздің абыройын асқақтату – әрбір азаматтың борышы. Себебі, біздің болмысымыз, салт - дәстүріміз, дініміз, мәдениетіміз осы тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын парасатты, білімді, іскер, қабілетті, ұлтжанды етіп қалыптастыруда мемлекеттік тіліміздің атқаратын қызметі өте жоғары. Сондықтан да туған еліміздің мемлекеттік тілін білуге міндеттіміз. Өйткені, тіл – ата-бабамыздың бізге қалған аманаты. Ата-баба мұрасын жалғастыру, оның мәртебесін көтеру мына баршамыздың міндетіміз, парызымыз. Тіл арқылы ақындарымыз бен жазушыларымыздың, даналардың сөздерін, өлең - жырларын оқып білеміз, олардан ғибрат аламыз. «Өнер алды – қызыл тіл» деген осыдан шыққан болар.

Елінің болашағын ойлаған, құрметпен қараған әрбір азамат ана тілін сақтап қалу үшін қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Тіл – өткеннің ұрпаққа қалдырған аманаты, бүгінгі күннің абыройы, ертеңгі күннің кепілі. Сондықтан да өз ана тіліміздің қадірін біліп, өз тілімізде дұрыс сөйлесе білу – әр қазақ баласының бірден - бір міндеті болып табылады.

Н.А. Саатбекова,  
«Еркетай» шағын орталығының тәрбиешісі

## «АҚ ҚЫС 2021» XVIII ҚЫСҚЫ СПАРТАКИАДАСЫ



Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге арналған облыстық іс-шаралар жоспары 12 тақырыптық бағытқа бөлінді. Ақпан айының тақырыбы – «Қазақстан - спорттық ұлт».

Бұл айда қысқы спорт түрлерінің фестивалі және отбасылық спорттық жарыстар өткізу көзделген. Осыған орай, 2021 жылғы 14 ақпан күні «Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі қала тұрғындары арасында «Ақ қыс 2021» XVIII қысқы спартакиадасына іріктеу жарысын ұйымдастырды. Жарыс спорттың 3 түрінен өтті: 1) қысқы Президенттік көпсайыс; 2) шаңғы жарысы (эстафета); 3) конькимен жылдам жүгіру. Іс-шараның басты мақсаты: қысқы спорт түрлерін танымал ету, спортшылардың шеберліктерін шыңдау, салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау. Жарысқа 35 спортшы белсене қатысты. Қысқы Президенттік көпсайыс (кермеге тартылу) 25 тартылым жасаған №2 жалпы орта білім беретін мектептің 11 «Б» сынып оқушысы Кинзель Ринат, шаңғы жарысында 5 шақырымды 27 минут, 14 секундта артта қалдырған жастар ресурстық орталығының қызметкері Дәу-

летбеков Рүстем, конкимен жылдам жүгіру сайысында 500 метр қашықтықты 1 минут 6 секундта бағындырған қаламыздың №1 жалпы орта білім беретін мектептің 9 «Б» сынып оқушысы Амиров Тимуралы жеңісті қанжығаларына байлады. Қыздар арасында 1-ші спорт түрінен (жатып қолды тіреп бұғу және жазу) ең жоғары нәтиже көрсетіп, жеңіске жеткен Токмырза Камила. Конкимен жылдам жүгіру сайысында №2 жалпы орта білім беретін мектептің 8 «Г» сынып оқушысы Мансұр Аружан бағындырды.



Жұлделі орындарға ие болған спортшылар мақтау қағаздарымен және естелік сыйлықтарымен марапатталды.

А.Ж. Лұқпанов,  
«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ әдіскері





# АТА ДІННЕН АЛШАҚТАМАЙЫҚ

Жат ағымдардан сақтанайық!

Қазіргі уақыттағы қоғамда дін мәселесі төңірегінде айтылып, талқыланып, пікір таластырып жүрген мәселе жетіп артылады. Әсіресе біздің қазақ қоғамына жат, жастарды жолдан тайдыратын ағымдардың іс-әрекетіне дүйім жұрт наразы. Атам заманнан қалыптасып қалған ата дініміз бен ұлттық құндылықтарымызға болып жатқан ішінара шабуылдың әсерін ойлы-сойлы жандардың байқамауы өте мүмкін емес. Халықпен, бізбен бірге өмір сүріп, өзіміз пайдаланып келген жөн-жоралғыларға, өлім-жітім мен той-томалақтағы әдет-ғұрыптарға қарсы шыққан діни ағым мүшелері қоғамды барынша азғыруға, бабалар жолынан адастыруға әрекеттеніп жүргенін байқап, көріп жүрміз. Жалпы дін атаулының басты мақсаты ел ішіндегі бірлік пен ынтымақты, жұрттың тыныштығын, жұрттың тағылым-тәрбиесін, сыйластық пен инабаттылықты насихаттап, ықылым заманнан қалыптасып қалған ұлттық құндылықтарымызды ұрпақ санасына сіңіріу, осы жолда тәрбие беру емес пе?..

Дін – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушы Құдайға сенімі. Ислам философиясының түсіндіруінше, дін дегеніміз – әлемді байланыстыратын

күш Алланың барлығына сенімі болуы тиіс. Ислам тұжырымдамасы бойынша, рухани жетілу сатысының бірінші деңгейінде тұрған адамның алғашқы махаббаты, таза құлшылығы, қорқынышы Аллаға арналады. Сөйтіп, шынайы діндар болып, жас кезінен Алланың ғана бұйрығын орындаушы болып өседі. Барлық тіршілік құбылыстары Алла Тағаланың қолында екеніне және күнәлі істері үшін оның қарғысына ұшырайтынына мұсылман кәміл сенеді. Осы сенім – оны жаман істерден тежеуші және дұрыстықтан, имандылықтан шықпауына себепші болады. Иманын жоғалту адамның дінін жоғалтуына алып келеді, халықтық дәстүрден алшақтатады. Діни тұрғыдан, дін – бүкіл болмыстың түпкі себебі барын, дүние-болмыстың жаратылу мақсатын, оның сыр-сипатын түсіндіріп, танып-білуге және адамның рухани жетілуіне мүмкіндік жасайтын әдіс-әрекеттер мен бүкіл дүниетанымды, болмысты толық қамтитын өте кең, ауқымды ұғым.

Қазіргі кездегі ғылымның зерттеулері бойынша дін қырық-елу мың жыл бұрынғы палеолит кезеңінде шыққан. Аталмыш кезеңнің мәдениет ескерткіштері, жан-жануарлар культі мен аңшылыққа қолданған сиқыршылық белгілерін сақтаған. Сондай-ақ діни наным-сенімдердің болған

дығын сол ежелгі дәуірлердегі өлген адамды еңбек құралдары және әшекей бұйымдармен бірге жерлеу дәстүрінің белгілері де дәлелдеді. Бағдарлап, байқап қарап отырсақ, діннің неғұрлым ертедегі көріністері сиқыршылық, тотемизм, ғұрыптық жерлеу дәстүрлері мен культі және шамандық болып табылады. Құдайды (жаратушыны) тұлғалық Бастау ретінде мойындау қазіргі замандағы діндерден ислам, христиан, иудаизм діндеріне тән, ал будда, даосизм діндеріне тән емес. Халықты қамтуы жөнінен діннің тайпалық-халықтық (мысалы, иудаизм) және ұлт-аралық немесе әлемдік (будда діні, христиандық, ислам) түрлері белгілі. Әлемдік діндердің әрқайсысы әртүрлі ағымдарға, яғни бүгінде арамьызда бар менконфессияларға бөлінеді. Ислам дінінің сүнниттік, шииттік ағымдары, христиан дінінің католиктік, православилік, протестанттық конфессиялары бар. Дүние жүзі халқының дені, негізінен, әлемдік үш дінді (ислам, христиандық, будда) ұстанады. Сонымен қатар, маркстік атеизм және бүкіл дін атаулыны теріске шығаратын басқа да көзқарастар жүйесі ғылымда кейде шартты түрде теріс таңбалы діндер деп аталынады. Осы аталған діндердің арасынан біздің

таңдауымыз ежелге замандардан қалыптасқан, ата-бабадан қалған діни жолымыз емес пе еді? Ел арасына ірткі, алауыздық салатын ағымдардың бізге қандай қажеттілігі бар еді? Олардың мақсаты – халық арасына жік салып, ел-жұрттың ауызбырлігін бұзу, әсіресе буыны бекіп, оң-солын танымаған жастарымызды өз тарапына тарту арқылы



ұлттық құндылықтарымыз бен ата дінімізден алшақтату, бездіру. Сондықтанда, айналаға, өткен тарихымызға көзімізді ашып қарап, ата дінімізден алшақтамай, ұлтымызды сақтап қалудың басты басты негіздері тілден, дідден, діннен және салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымыздан безінбейк – дегіміз келеді.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі

## Депутатқа лайықтылар!



**Халық қалаулылары – депутаттардың сайланғанына да айдан астам уақыт өтті. Олардың арасында әртүрлі салада қызмет етіп жүрген мамандар мен басшылар, білім және денсаулық салаларының қызметкерлері, кәсіпкерлер бар. Кейбір халық таңдаған депутаттар кезекті рет қайта сайланды. Себебі олар откен депутаттық кезеңінде өздеріне артылған сенімнің үдесінен шығып, қайта сайлануға мүмкіндік алғандар десек артық болмас. Осындай халық қалаулыларының арасында төмендегі мақалаға арқау болғалы отырған, «Ер-Тай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Тағат Әлімжанұлы да бар.**

Ел болғасын арасында телісі мен тентегі қатар жүретіні табиғи заңдылық. Алайда, ауызды құрғақ шөппен сүрте салуға болмас. Азамат болу әсте оңай емес, азамат болған соң, жауапкершілігі де үлкен. Ал, мүмін ер үшін жауапкершілік екі есе, көпке басшы болсаң, төрт есе болмақ. Алла Тағала ер адамның әйел адамына қарағанда үлесін зор етіп, мәртебесін бір сатыға жоғары қойып қойған екен. Бірақ, қазіргі таңда осындай биік мәртебеге лайық болып жүрген азаматтар арада көп пе?! Қазіргі заманға сай мүмін ердің бойында қандай қасиеттер-дің қалыптасуы керек? Әр кезде, мүмін ер-азамат үшін әдептілік, салмақтылық, байсалдылық, батырлық, қарапайымдылық, еңбекқорлық, ізеттілік, үлкенге деген құрметтілік, имандылық, тақуалық қасиеттері арқылы ортада құрметтелген. Өйткені, Алла Тағала бұндай адамды өзгерлерден дәрежесін жоғары қояды. Нағыз азаматтың бұл азғантай ғана сипаттамасы. Әр азамат өзінің бойындағы кемшіліктерді түзеп, жақсы қасиеттерін қалыптастырып, оғаш әдеттерін көркем мінезге айырбастаса, еңбек етсе, нағыз ердің көтерілер биік шыңы алыс емес. Атадан жетерлік тәрбие алып, ана сүтін адал емген азаматтар біздің де арамьыздан көптеп табылары хақ. Ондай жандарды қасымьыздан күнделікті өмірден көріп жүргенімізге қуанамьыз, құдайға шүкірлік етеміз. Сөзіміз дәлелді болу үшін

## НАҒЫЗ ХАЛЫҚ ҚАЛАУЛЫСЫ

осы мақаланың кейіпкері туралы оқып шыққанда, сіздің де көзіңіз жетеріне шүбәм жоқ...

Приозерск кен байыту фабрикасының «Ер-Тай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бүгінгі басшысы Талғат Әлімжанұлы Қарабалаев міне, осындай басшылардың қатарынан орын алатын азаматтардың бірінен саналады. Талғат інімді өз басым бірнеше жылдардан бері танимын. Газет қызметкері болғасын әр жылғы Наурыз мерекесі мен қалада өтетін әртүрлі мәдени көпшілік шараларға дерлік жүйелі түрде қатысып тұрамын. Кейде қалалық әкімдіктің ұсынысымен киіз үйлердің байқауына қазылық етуге тура келеді. Аулына қарап азаматын таны демекші, мерекеге тігілген киіз үйлердің арасынан сыртқы келбетіне ішкі сарайы, жабыдығы мен аурасы қабысқан, үй иелерінің келушілерді инабат, ибамен күтіп алу мәдениеті астақан «Ер-Тай» ЖШС тіккен үйге еркін еніп, еменжарқын амандаса баруға болады. Себебі басшылары оларға осындай талап қойған, тапсырма берген. Кейбір үйлер секілді бұл үйдің есігі комиссия келгенше ешқашан жабық тұрмайды. Біз барғанда мұнда мерекелік дастарқан жайылып, кез-келген келушіні, үйді тамашалаушыны жадырай қарсы алып, Наурыз мейрамының құрметіне жайылған дастарқан тағамдары мен пісірілген наурыз көжеден дәм татысып жатқанына куә боламыз. Бұл көрініс ұжымдағы ауызбіршіліктің, қазақи қонақ-жайлықтың, атадан қалған салт-дәстүрді біліп һәм сыйлаудың көрінісін береді. Мұнда сырт көзге ғана ұсынылатын шығарып салма жасандылық болмайды. Бәрі шынайы, қарапайым, көзге жылы, көңілге жағымды қимыл-қозғалыс, әдемі әрекетпейіл. Осындағы ұжымның жарты күндік іс-әрекеті мен тіршілігіне қарап-ақ басшыларының өз ұжымын қалай тәрбиелеп, қандай ұйытып отырғанынан хабардар болуға әбден жетеді.

«Ер-Тай» ЖШС-інде қаламыздан көптеген тұрғындар қатынап жұмыс істейді. Олардың арасында өзімізге таныс жақын-жуықтарымыз бен жақын араласатын ағайын-тумаларымыз да жетіп артылады. Солардың ішінен біразымен жұмыс жағдайлары жайында сұрастырып, әңгіме-дүкен құрып отыратыны бар. Сондай сәттерде олар тарапынан ұжымы мен басшылары туралы тек жақсы лебіз естиміз. Жасы қырықтың қырқасына енді шыққанымен, отыздан асқанда осынау кен орнының басшысы болып тағайындалған Талғат Әлімжанұлының еңбегі ұжымға әбден сіңіп үлгерген. 2008-жылы осында қарапайым технологиямен байытушы болып қызметке келген кезде ол тура орда бұзар отыз жаста болатын. Осы уақыт ішінде фабриканың еңбек қазанында бір кісідей қайнап, пісіп-жетілді. Жоғарғы оқу орнында алған білімін нағыз еңбек майданындағы қара жұмыспен ұштастыра жүріп біліктілігін жетілдірді,

қызмет сатысынан өте жүріп, ұжымның басшылық тұтқасына ұстады. Мұның бәрі Талғат Қарабалаевқа оңай жолмен келмегені белгілі. Еңбекте сорағалата тер төгу, тынымсыз жұмыс жасау, ел-жұртпен етене араласу, ащы тердің татті нанын жеу, көпшілікпен тіл табыса білу, ізденіс, білуге талпыну секілді адам баласына бұйырған сан бұраланды жолды басып өту секілді үдерістердің бәрін еңсеруге тура келді. Соның арқасында бүгінгі абырой-бедел мен құрметке қол жеткізді. Алдына қойған мақсатының үдесінен шыға білді.

Талғат Әлімжанұлы 1978-жылғы 22-қаңтарда Алматы облысы, Ұйғыр ауданының Кетмен ауылында дүниеге келген. 1985-1995-жылдар аралығында осы ауылдағы орта мектепте оқып, орта білім алған. Мектепті тәмадаған бойда Қ.И.Сәтпаев атындағы Ұлттық техникалық университеттің пайдалы қазба кендерін байыту бойынша инженер-технолог факультетіне оқуға түсіп, өз мамандығы бойынша терең білім алған. Жоғарғы оқу орнын бітіріп алған соң араға жылдар салып, 2014-2016-жылдары Алматы экономика және статистика Академиясының бакалаврында оқып, білімін одан әрі жетілдірген. Талапты жас алғашқы еңбек жолын Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы Майқайың кен байыту фабрикасының «Майқайыңалтын» ААҚ-нда 2000-жылы диірмен машинисі болып бастаған. Бұл оның өз мамандығындағы еңбек жолының ідіралғы қадамы еді. Өмірдің еңбек көрігін қыздыру осы кезден бастау алды. Арадан жыл өткенде аталған «Майқайыңалтын» ААҚ-на гидротехникалық құрылғылар шебері лауазымына ауыстырылады. Бұл жерден әжептәуір тәжірибе жинағаннан кейін басшылық тараптың назарын өзіне аударады. 2003-жылы бас инженер лауазымына ауыстырылып, Майқайың кен байыту фабрикасының «Майқайыңалтын» ААҚ қайта жаңарту жобасына жетекшілік етеді.

Еліміздің кен байыту саласында біраз жыл қызмет етіп, тәжірибесі молыққан, білімі мен білігі толыққан өндіріс жас 2008-жылы Қарағанды облысы, Приозерск қаласы кен байыту фабрикасының «Ер-Тай» ЖШС технологиямен байытушы қызметіне орналасып, сол жылы бас инженер лауазымына жоғарылатылады. Жаңа қоныс, жаңа жер, жаңа ұжым қарапайым, ақкөңіл, жұртпен тіл табысқыш, сонымен қатар қызмет бабында талапшан азаматты бұрыннан таныс жандай жылы қабылдайды. Өмір жолын қарапайым жұмысшыдан бастаған ол ұжымға тез сіңісті. Білікті маман ғана емес, ұйымдастырушылық қабілетке ие жетекші ретінде танылған Т.Ә.Қарабалаев 2011-жылы Приозерск қаласы кен байыту фабрикасының «Ер-Тай» ЖШС басшылығына тағайындалып, осы күнге дейін аталған лауазымды қызметті абыроймен атқарып келеді. 2014-жылы

Приозерск қаласы кен байыту фабрикасының «Ер-Тай» ЖШС қайта жаңарту жобасына жетекшілік етті. 2015-жылы Павлодар облысы кен байыту фабрикасының Аяқ-Қожан құрылысы бойынша жобасының жетекшісі болған. Халықпен етене араласып, олардың мұң-мұқтажын тындай жүретін, айтқан үдесін дер кезінде орындайтын, қарамағындағы жұмыскерлердің қажетін өтеп тұруға пейілді азамат қала жұртшылығының да көңілінен шыға білді. Соның арқасында алтыншы және жетінші шақырылымдарда Приозерск қалалық мәслихатына депутат болып сайланды. Осы күнге шейін депутаттық міндетін мүлтіксіз атқарып, сайлаушыларының аманатын арқалап жүр.

Талғат Әлімжанұлының осы кезге дейінгі кен байыту саласындағы еткен еңбектері мен қалтқысыз қызметі ескерусіз қалмаған. Әуелгі жылдардағы қызметі лайықты бағаланып, Павлодар облысы кәсіподақ кеңесінің құрмет грамотасымен марапатталып, «Құмет тактасынан» орын алған. «Нұр Отан» партиясы облыстық сайлау штабы төрағасының алғыс хатымен, Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасы вице Премьер-Министрі, индустрия және жаңа технологиялар министрінің Алғыс хатымен, Приозерск қаласы әкімінің Алғыс хатымен, «Қазақстан Республикасы Мәслихаттарына 20 жыл» медалімен, 2017-жылғы I-тамызда «Еңбек үздігі» медалімен марапатталған. 2015-жылы «Депутат – елдің тірегі» кітабына, 2016-жылы «Үздік адамдар» халықаралық үлкен энциклопедиясына енгізілген. Осынау марапат, құрметтің барлығы кейіпкеріміздің ұзақ жылдық еткен еселі еңбегінің, кен байыту саласындағы қыруар қызметінің, халық шаруашылығын дамуға қосқан зор үлесінің жемісі деп білеміз. Халықшыл азамат өз кезегінде Атымтай жомарттығымен де көзге түсіп келеді. Өз тапынан қалада өтіп тұратын ісшараларға, тұрмысы төмен және көп балалы отбасыларына демеушілік етіп отырады. Менің 2013-жылы жарық көрген «Көңіл күнделігі» жыр жинағына демеушілік еткен жомарт жанның бірі осы Талғат бауырым болатын. Бүгінде жан жары Сануғаш Несіпбекқызы Қожабергенова екеуі ұлы Досжан мен қызы Аяжан есімді ұрпақтарын өздері секілді елжанжды, мейрімді, еңбекқор етіп өсіруде. Текті екен ертенгі күні тегеурінді ұл-қыз жетіліп, өсеріне сенімдіміз.

Отызында орда бұзып, қырықтың қырқасынан асқан қарапайым азамат, білімді де, білгір басшы, халық үшін қадірменді, елі үшін елеулі, сайлаушыларының сеніміне үнемі ие болып келе жатқан депутаттың әрі мықты басшының алдағы өмір жолы мен қызметтік орнында мол табыстар мен зор жетістіктер тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ





## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЕЛІҢЕ ҚОРЛЫҚ

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп – өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған індеттің бірі. Бұл індет біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады» деген сөз бар. Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде.

2015 жылдың 18 қарашасында Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы қабылданып, онда сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір мемлекеттік орган басшыла-

рының, қызметкерлерінің, әрбір ел азаматтарының міндеті екені атап көрсетілді. Аталмыш заң, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық



қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған.

Жалпы, Қазақстанда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ сыбайлас жемқор-

лықпен күрес жіті қолға алынған болатын. Соған қарамастан бұл індет қоғам өмірінде анда-санда болса да бой көрсетіп қалып жүргені рас.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық

### Ғасыр дертінен сақтанайық!

байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 366- бабында - пара алғанда және 367 – бабында - пара бергенде, қылмыстық жауапкершілік көзделген. Яғни, жемқорлық туралы айтқанда тек пара алушыларды жою арқылы жеңуге болмайды. Ол үшін пара беруге ниетті жандардың да санасына саңылау түсіріп, жегі құрттың етек жаюына өзінің ықпал етіп отырғанын жан-жақты түсіндірген маңызды.

Әрбір азамат, әрбір мемлекеттік қызметшілер, әрбір азамат қандай жағдайда болмасын сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру керек. Сол кезде сыбайлас жемқорлықтың қоғамға төнген қауіпін құтыламыз деп санаймын.

К.Р.Қадирова,  
ҚР АШМ АӨК МИК  
Приозерск ҚАИ басшысы

### Коронавирус

Коронавирусная инфекция — острое заболевание, вызываемое новым штаммом коронавируса с воздушно-капельным и контактно-бытовым механизмом передачи.

Носителем инфекции является больной человек.

**Основные симптомы:** сухой кашель, боли в мышцах, повышение температуры тела, иногда жидкий стул. Инкубационный период (с момента заражения до появления симптомов заболевания) составляет 14 дней.

Так какие же меры профилактики нужно соблюдать, чтобы не заболеть КВИ?

-По возможности не посещать или редко посещать места массового скопления людей с обязательным соблюдением всех мер профилактики.

-Тщательно мыть руки с мылом после

посещения любого общественного места и перед едой.

-Использовать антисептические средства.

-На улице не трогать руками глаза, рот, нос.

-Прикрывать рот и нос платком или локтем при кашле, соблюдая этику кашля и чихания.

-Обязательно носить медицинские маски в общественных местах и соблюдать социаль-

## ПРОСТЫЕ СПОСОБЫ ПРОФИЛАКТИКИ КВИ



ную дистанцию.

При обнаружении симптомов острой респираторной инфекции немедленно вызвать скорую медицинскую помощь на дом, соблюдать профилактические меры до прибытия бригады скорой помощи (не приближаться к другим людям, соблюдать этикет кашля, надевать маску, самостоятельно не лечиться).

Приозерское  
городское управление  
санитарно-  
эпидемиологического  
контроля

### ХАБАРЛАНДЫРУ

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

Қалалық мәслихаттың VII шақырылымының кезекті II сессиясы 2021 жылдың 25 ақпанында сағат 11.00- де өтеді

Сессия күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдер мен кәмелетке толмаған жастар комиссиясының жұмысы туралы (Баяндаушы: қала әкімінің орынбасары).

**Қосымша:** Қалалық мәслихаттың әлеуметтік - мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясының қорытындысы.

2. 2020 жылға арналған бюджетте қарастырылған салықтық және басқа да бюджетке міндетті төленетін жоспарлы түсімдердің орындалуы туралы есебі (Баяндаушы: Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы).

**Қосымша:** Қалалық мәслихаттың бюджет, қаржы, шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының қорытындысы.

3. «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының Приозерск қаласында орындалуы туралы (Баяндаушы: ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі).

**Қосымша:** Қалалық мәслихаттың әлеуметтік - мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясының қорытындысы.

4. 2020 жылғы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалуы туралы (Баяндаушы: кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі).

**Қосымша:** Қалалық мәслихаттың бюджет, қаржы, шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының қорытындысы.

5. Приозерск қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 39/389 «Приозерск қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы (Баяндаушы: тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі).

6. Әртүрлі мәселелер.

Сессия төрағасы

Д.Дүйсембаев

Очередная II сессия городского маслихата VII созыва проводится 25 февраля 2021 года в 11.00 часов

В повестке дня:

1. Отчет о проделанной работе комиссии по делам несовершеннолетних и подростков города. (Докладчик: заместитель акима города Приозерск)

**Дополнение:** Заключение постоянной комиссии городского маслихата по социально - культурному развитию и социальной защите населения.

2. Отчет об исполнении плана по поступлениям в бюджет по налогам и другим обязательным платежам за 2020 год. (Докладчик: управления государственных доходов по городу Приозерск).

**Дополнение:** Заключение постоянной комиссии городского маслихата по бюджету, финансам, развитию малого и среднего бизнеса.

3. О выполнении государственной молодежной политики Республики Казахстан «Казахстан 2020: путь в будущее» в городе Приозерск. (Докладчик: отдел внутренней политики, культуры и развития языков).

**Дополнение:** Заключение постоянной комиссии городского маслихата по социально - культурному развитию и социальной защите населения.

4. О выполнении государственной программы развития малого и среднего предпринимательства за 2020 год. (Докладчик: отдел предпринимательства и сельского хозяйства).

**Дополнение:** Заключение постоянной комиссии городского маслихата по бюджету, финансам, развитию малого и среднего бизнеса.

5. О внесении изменения в решение Приозерского городского маслихата от 24 июня 2020 года №39/389 «Об утверждении тарифов на сбор, вывоз, и захоронение твердых бытовых отходов по городу Приозерск» (Докладчик: отдел жилищно коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции).

6. Разные вопросы.

Председатель сессии

Д.Дюсембаев

### НЕДВИЖИМОСТЬ ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда, (город, пр.Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки.  
Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

### ОБЪЯВЛЕНИЕ

#### Уважаемые жители города Приозерск!

Напоминаем, что точкой бесплатного распространения местной газеты «Приозерский вестник» является магазин №1 «Золушка», расположенный на территории центрального городского рынка.  
Контактный телефон: 8-777-103-8589

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5, 106-107

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),

+7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz\_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сағнаева 15,

Заказ № 07/703. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,

формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы

обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный

адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041